

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының автокөлік бөліністерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 375 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20588 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 109) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.08.2023 № 626 бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының автокөлік бөліністерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі аппаратының басшысы И.В. Лепехаға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаментіне (Қ.Ә. Сұлтанбаев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

2020 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары автокөлік бөліністерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары автокөлік бөліністерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығын қоспағанда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары автокөлік бөліністерінің қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қызметтік көлік жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды, есепке алуды, талдауды, болжауды, жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі – ЖКО) алдын алуды және ескертуді, техникалық ықпал етуді (диагностика, техникалық қызмет көрсету, жөндеу), сондай-ақ ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) материалдық базасын қамтамасыз етуді автокөлік бөліністері ПО-ның қаржымен қамтамасыз ету қызметтерімен өзара іс-қимылы кезінде ұйымдастырады.

3. Осы Қағидаларға сәйкес ПО автокөлік бөліністерінің міндеттеріне қызметтік автокөлікті уақтылы жоспарлау және сатып алу, олармен ПО бөліністерін қамтамасыз ету, қызметтік автокөлікті есепке алу, сақтау, беру және есептен шығару кіреді.

4. Автомобиль көлігі саласындағы қызметтерді жүзеге асырудың негізгі принциптері: адамдар қауіпсіздігінің, олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғаудың басымдығы, автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі; тұтынушыға автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерді тандау еркіндігін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге баға еркіндігін қамтамасыз ету.

5. ПО қызметтік көлігі мемлекеттік меншік болып табылады және ұқыпты қарауды және "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 210003 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 223 бұйрық) белгіленген пайдалану мерзімі ішінде тиісінше пайдалануды талап етеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жол жүрісі қауіпсіздігі – қатысушылардың жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі;

2) жүргізуші – көлік құралын басқаратын адам;

3) жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға;

4) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) – көлік құралын өндірушілерге берілетін белгілердің құрылымды комбинациясы;

5) жарамды жай-күй – автокөлік құралдарының құрастырмасына, параметрлеріне, функционалдық мақсатына және агрегаттарының, тораптарының, бөлшектерінің қасиеттеріне қойылатын осы Қағидалардың және конструкторлық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келетін техникалық жай-күй;

6) жарамсыз жай-күй – автокөлік құралдары агрегаттарының, тораптары мен бөлшектерінің құрастырмасына, параметрлеріне, функционалдық мақсатына және қасиеттеріне қойылатын осы Қағидалар мен конструкторлық құжаттама талаптарының біреуіне болса да сәйкес келмейтін техникалық жай-күй;

7) қауіпсіздікті қамтамасыз ету – техникалық реттеу объектісін азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлға мүліктеріне, мемлекеттік және коммуналдық мүліктерге, қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу тәуекелі болмайтын жай-күйге келтіруге бағытталған іс-шаралар кешені;

8) техникалық қызмет көрсетудің жоспарлы жұмыстары (бұдан әрі – жоспарлы жұмыстар) – орындалуы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және автокөлік құралдарының қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған операциялар кешені;

9) жолдама парақ – жүргізушінің және автокөлік құралының жұмысын есепке алуды және бақылауды жүргізуге арналған құжат;

10) көлік құралын тіркеу туралы куәлігі – көлік құралының меншік иесі болып табылатынын, оның сәйкестендіру нөмірін және көлік құралының жол қозғалысына қатысуға рұқсат берілгенін растайтын көлік құралының құжаты.

11) арнайы автокөлік құралдары – арнайы функцияларды орындауға арналған және жабдықталған автокөлік құралдары;

12) қызметтік көлік – автобустар, жеңіл және жүк автомобильдер, автомобиль тіркемелері, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелер, сондай-ақ арнайы

бейімделген автомобильдер (ПО бөліністерінің жеке құрамын және жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған), арнайы автокөлік құралдары және мотоциклдерді құрайтын автомобиль көлігінің жылжымалық құрам бірлігі;

13) техникалық жай-күй – автокөлік құралы агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің пайдалану процесінде өзгеруге бейім қасиеттері мен дайындаушы-зауытпен берілетін конструкторлық құжаттамада белгіленген олардың өз функцияларын орындау немесе оларды мақсаты бойынша қолдану мүмкіндігін анықтайтын параметрлерінің жиынтығы;

14) сенімділік – жұмыстың берілген режимдері және пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және сақтаудың берілген шарттары кезінде белгіленген шектерде берілген функциялардың орындалуын, пайдалану көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ететін автокөлік құралы агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің техникалық жай-күйі;

15) техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТК) – автокөлік құралдарын жарамды күйде ұстауға, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларды пайдалану және сақтау процесінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған операциялардың (техникалық әсер етудің) кешені;

16) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану – автокөлік құралдарын пайдалануды ұйымдастыруға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық әсер етудің (диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу), іс-шаралардың кешені;

17) қызметтік көлік штаты – заттай норма шеңберінде қызметтік көлік тиесілігі;

18) пайдалану – көлік құралының тіршілік циклінің сатысы, онда оның мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап кәдеге жаратуға дейін мақсаты бойынша пайдаланылуы жүзеге асырылады;

19) автокөлік бөлінісі – техника тобы, автокөлікке қызмет көрсету мекемесі, тыл тобы, автошаруашылық, техникалық бөлімі;

20) автокөлік құралдарын пайдалану және есепке алу электрондық жүйесі – қызметтік автокөлік туралы мәліметтер базасын қалыптастыра отырып, ПО автопаркін мониторингтеу және басқаруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. ПО бастығы не оның автокөлік бөлінісіне жетекшілік ететін орынбасары:

1) ПО балансында тұратын қызметтік автокөліктің саны туралы ақпаратты білуі және олардың техникалық жай-күйіне бақылауды жүзеге асыруы;

2) автокөлік бөлінісінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруы;

3) "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бөліністері үшін көлік құралдарының заттай тиесілік нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 963 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12515 болып тіркелген) (бұдан әрі – заттай нормалар) бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бөліністерінің көлік құралдарының заттай нормаларына және заңнаманың талаптарына сәйкес бюджеттік өтінімдерді уақтылы жасауды және қызметтік автокөлікті сатып алуды жоспарлауды қамтамасыз ету;

4) қызметтік көлікті пайдалануға, нысаналы және тиімді қолдануға бақылауды жүзеге асыру;

5) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін ІІО-да қызметтік көлікті сақтаудың тиісті жағдайларын ұйымдастыру;

6) гараждарда және қызметтік көлік тұратын орындарда өртке қарсы қауіпсіздіктің, электр жабдықтарды пайдаланудың және қауіпсіздік техникасының заңнаманың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет;

7) автокөлік құралдарын пайдалану және есепке алу электрондық жүйесінде (болған жағдайда) жұмысты ұйымдастыру.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ІІО бөліністерінің автокөлік бөлінісінің, тылмен қамтамасыз ету басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің, тобының) бастығы:

1) осы Қағидалардың, заттай нормаларының, сондай-ақ автокөлік бөлінісінің қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын зерделеу және орындалуын қамтамасыз ету;

2) ІІО балансында тұратын қызметтік көліктің қамтамасыз етілуі және техникалық жай-күйі туралы ақпаратты білу;

3) автокөлік бөлінісінің қызметкерлерінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауды бақылау;

4) заттай нормаларға сәйкес ІІО-ны автокөлік құралдарымен жарақтау бойынша шаралар қабылдау;

5) белгіленген тәртіпте және мерзімдерде есептілікті және сұралатын ақпаратты жоғары тұрған органдарға, ІІО қаржы қызметіне ұсынуды ұйымдастыру;

6) қызметтік көлікті сақтауды, есепке алуды және сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

7) жарты жылда кемінде бір рет гараждарда және тұратын орындарда олардың ұсталу, нысаналы пайдалану, пайдалану тәртібі, сақталу ережелерін сақтау, оларды уақтылы есепке алу, техникалық жай-күйі, жабдыкталу, техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, қызметтік автокөліктің қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының

алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігі мәніне көлік құралдарына жоспарлы тексеруді жүргізу. Сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер жүргізу. Жұмыстардың нәтижелері бойынша ПО басшылығына баяндау (баянатпен);

8) заттай нормаларға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес бюджеттік өтінімдерді уақтылы жасауды және көлік құралдарын мемлекеттік сатып алуды жоспарлауды қамтамасыз ету;

9) құжаттамаларды және есепке алуды жүргізу бойынша автокөлік бөлінісінің қоймасы меңгерушісінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру қажет;

10) автокөлік құралдарын пайдалану және есепке алу электрондық жүйесінде (болған жағдайда) жұмысты қамтамасыз ету.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қызметтік автокөлікке жауапты автокөлік бөлінісінің қызметкері (жұмыскері):

1) осы Қағидалардың, сондай-ақ автокөлік бөлінісінің қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілердің және заттай нормалардың талаптарын зерделеу және орындау;

2) ПО балансында тұратын көлік құралдардың қамтамасыз етілуі және техникалық жай-күйі туралы ақпаратты білу;

3) қызметтік көліктің сақталуын және қозғалысы мен тиімді нысаналы пайдалануын қамтамасыз ету;

4) есеп бойынша өткізу үшін қаржы қызметіне бухгалтерлік құжаттарды уақтылы ұсыну;

5) ПО қаржы қызметімен көлік құралдарын, қосалқы бөлшектердің, шиналардың, жанар-жағар май материалдарының талондарын есепке алу, беру және есептен шығару мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

6) гараждарда және қызметтік көлік тұратын орындарда өртке қарсы қауіпсіздіктің, электр жабдықтарды пайдаланудың және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау қажет;

7) автокөлік құралдарын пайдалану және есепке алу электрондық жүйесінде (болған жағдайда) жұмысты қамтамасыз ету.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қызметтік көліктің мақсаттары

10. ПО көлік құралдары жалпы мақсаты бойынша:

1) жедел-қызметтік (жедел-қызметтік жұмыста тікелей пайдалану үшін арналған);

2) өзге де арнайыға (шаруашылық, материалдық-техникалық, медициналық және басқа да қамтамасыз ету түрлері бойынша жұмыстарда пайдалану үшін, сондай-ақ қызметкерлердің қызметтік жүруі үшін арналған) бөлінеді.

11. Қызметтік көлік типтері бойынша: автомобильдерге, автобустарға, мотоциклдерге, қарда жүргіш техникаларға, дөңгелекті және шынжыр көліктерге, тракторларға, катерлерге, моторлы қайықтар мен скутерлерге бөлінеді.

12. Жедел-қызметтік автомобильдер (жеңіл, жүк және автобус базасындағы шанақтардағы) нақты мақсаты бойынша мынадай штаттық топтарға бөлінеді:

1) кезекші бөлімдерінің автомобильдері;

2) патрульдік автомобильдер;

3) полицияның жылжымалы пункті-автомобиль;

4) мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін оқуға арналған автомобильдер;

5) полицияның барлық қызметтерінің жедел жұмыстары үшін және тергеу бөліністері үшін стандартты орындалған жеңіл автомобильдер ("полиция" жазуынсыз және арнайы жарық және дыбысты сигналдарсыз);

6) полиция жасақшаларын тасымалдауға арналған автомобильдер;

7) қызметтік иттермен полиция жасақшаларын тасымалдауға арналған автомобильдер;

8) жылқыларды тасымалдауға арналған автомобильдер;

9) су атқыш құрылғысымен жабдықталған автомобильдер;

10) штабтық автобустар;

11) жылжымалы криминалистикалық зертхана-автомобиль;

12) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

13) жылжымалы сот-автотехникалық зертхана-автомобиль;

14) жылжымалы медициналық-криминалистикалық зертхана-автомобиль;

15) жылжымалы өрт-жарылғыш техникалық зертхана-автомобиль;

16) мобильді рентгеноскопиялық кешен-автомобиль;

17) радио және радио-техникалық бақылау станциясының жылжымалы пункті автомобильдері;

18) жол-көлік оқиғалар орнын қарап тексеру үшін автомобильдер;

19) мобильді байланыс кешені – автомобилі;

20) автомобиль жолдарын, құрылыстарын және темір жол өтулерін олар орналасқан жерлері бойынша зерттеу, қайта құру бойынша жол өтпелері саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға арналған автомобиль;

21) қамауға алынған адамдарды тасымалдауға арналған автомобильдер;

22) ұсталған адамдарды тасымалдауға арналған автомобильдер;

23) емтихан автомобилі;

- 24) жол жүрісі қауіпсіздігі қызметінің автомобильдері;
- 25) жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюға арналған автомобильдер;
- 26) жылжымалы диагностика станциясы-автомобиль;
- 27) жылжымалы автожөндеу шеберханасы-автомобиль;
- 28) темір сейфпен жабдықталған құпия құжаттарды тасымалдауға арналған автомобильдер;
- 29) броньды бақылау-шолу машиналары;
- 30) броньдалған автомобильдер;
- 31) байланыс құралдарының профилактикасына және жөндеуіне арналған автомобиль;
- 32) жылжымалы байланыс тораптары-автомобиль;
- 33) радиорелелік станциялар автомобилі;
- 34) жылжымалы жедел басқару штабы автомобилі;
- 35) үгіт және насихатқа арналған автомобиль;
- 36) санитарлық автомобиль;
- 37) бронетранспортер.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жедел-қызметтік көлік құралдары арнайы дыбыстық, жарық сигналдарымен, арнайы жабдықтар және байланыс құралдарымен жасақталады.

14. Мақсаты мен пайдалануы бойынша жедел-қызметтік мотоциклдер екі штаттық топқа бөлінеді:

- 1) патрульдік;
- 2) стандарттық орындау.

3-тарау. Автокөлік бөліністерінің негізгі функциялары

15. ПО-ны қызметтік көлікпен қамтамасыз ету қызметкерлердің штаттық саны бойынша көлік құралдарының заттай нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Автокөлік бөліністерінің негізгі функциялары:

1) уақтылы және сапалы техникалық қызмет көрсету және жөндеу арқылы қызметтік көліктерді тиісті сақтау, жарамдылығын және сенімділігін қамтамасыз ету;

2) автокөлік бөліністерін қызметтік көліктерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету;

3) қызметтік көліктің мемлекеттік техникалық байқауын жүргізуді;

4) автокөлік бөліністері жұмыскерлерінің штатын жасақтау, полиция-жүргізушілерінің және еңбек келсімшарты бойынша жұмыс істейтін жүргізушілердің (бұдан әрі – жүргізушілер) біліктілігін, кәсіби шеберлігін арттыру;

5) мемлекеттік стандарттарға және нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес қызметтік көліктің конструкциясына және техникалық жай-күйіне қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

6) ПО қызметін автокөлікпен қамтамасыз етуді жоспарлау, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджет бойынша қызметтік көліктердің ұсталуына ақшалай қаражат қажеттілігіне есептік-өтінім дайындау;

7) автожөндеу шеберханаларының технологиялық және басқа да жабдығын, аспаптары мен құрал-жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, метрологиялық бақылауды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жүргізу;

8) қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсетілуінің және жөнделуінің, оның ішінде жұмыстар автомобильге техникалық қызмет көрсету бекеттерінде, басқа ведомствоның және ұйымдардың жөндеу кәсіпорындарында орындалған кезде жұмыстардың сапасын бақылауды жүзеге асыру;

9) ПО-да сақталатын қызметтік көліктердің желіге шығар алдындағы және тұрақ орнына келгеннен кейінгі техникалық жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру;

10) автокөлік бөлінісін (гаражды) автокөлік бөлінісінің үлгілік паспортында қарастырылған көлемде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес паспорттау;

11) автокөлік бөлінісінің жүргізушілерін тағылымдамадан өткізу болып табылады.

17. Автокөлік бөліністері тұрақты негізде:

1) ПО гараждары мен көлік құралдарының зиянды ықпалынан табиғатты және қоршаған ортаны сақтау;

2) ПО еңбекті ұйымдастыруды жақсарту, қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және ауыр физикалық және қол еңбекті қысқарту;

3) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) отын-энергетикалық, материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымды жұмсау;

5) қызметтік көліктердің спидометр жабдығын тиесілі ұстау және пайдалану;

6) қызметтік автокөлікті пайдалану жоспарының;

ПО аумақтық бөліністері арасында қызметтік көліктерді бөлу жоспарының жобаларын әзірлеу бойынша іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді.

4-тарау. Қызметтік көлікті есепке алу және есептен шығару

18. ПО қызметтік көлігі қағазда да, электрондық тасымалдағышта да (автоматтандырылған есеп) есепке алуға жатады, ол құжаттарды тиісінше ресімдеумен, мүліктің қозғалысы мен сапалы жағдайы бойынша барлық операцияларды дұрыс және уақтылы жазуға байланысты.

19. Қызметтік көлікті есепке алу бойынша құжаттарды осы Қағидалардың, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 мамырдағы Бюджеттік кодексінің, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Бухгалтерлік есепке алуды

жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10954 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 241 бұйрық), "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарын бекіту туралы" 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 187 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 209408 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 187 бұйрық) бұйрықтарының, № 223 бұйрығының талаптарына сәйкес ресімдейді және жүргізеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қызметтік көлікке, жанар-жағар май материалдарына, қосалқы бөлшектерге жауапты адамдармен №390 бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес 321-нысаны бойынша толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша келісімшарт жасалады.

21. Материалдық-жауапты адам ауысқан жағдайда комиссиялық түгендеу жүргізіледі және ПО басшысы бекітетін қабылдау-беру актілері толтырылады.

22. ПО-да қызметтік автокөлікті есепке алу деректері жылына кемінде бір рет қаржы қызметінің есепке алу деректерімен салыстырыла тексеріледі, оның нәтижелері туралы автокөлік бөлінісінің, Тылдық қамтамасыз ету басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің, тобының) (бұдан әрі – ТҚБ (ТҚб) бастығы ПО басшысына баяндайды. Бұл ретте ПО-ның қызметтік көлікпен қамтамасыз етілуі талданады және тиісті шаралар қабылданады.

23. ПО-да қызметтік көлікті есепке алу осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес оларды ұстау көздері бойынша бөле отырып, штаттық көлік құралдарын және жүзу құралдарын есепке алу кітабы бойынша жүргізіледі.

24. Қызметтік көлікке берілген автомобильдік және мотоциклдік шиналарды есепке алу автомобильдік және мотоциклдік шиналар жұмыстарын есепке алу карточкасы бойынша, ал стартерлік аккумуляторларды есепке алу пайдалану-жөндеу карталары бойынша жүргізіледі.

25. Әрбір көлік құралдары бойынша жанар-жағар май материалдарының (бензин, дизельдік отын, газ) (бұдан әрі – ЖЖММ) шығыстарын есепке алу жолдама парақтары және кемелер кітабының негізінде жүргізіледі.

26. Қызметтік көлікті есептен шығару және беру "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының, № 393 бұйрықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

27. ПО өзіне бекітіліп берілген, қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған көлік құралдарын дербес сатпауы тиіс. Көлік құралдарды сату мемлекеттік мүлікті басқару саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Қызметтік көлікті есептен шығару үшін ПО басшылығының бұйрығымен көлік құралдарын есептен шығару бойынша арнайы комиссия құрылады. Комиссия

құрамына міндетті түрде тылдық қамтамасыз ету қызметіне жетекшілік етуші ПО бастығының орынбасары (комиссия төрағасы), тылдық, қаржы қызметтерінің лауазымды адамдары, тиісті мамандар (сарапшылар) кіреді.

5-тарау. Қызметтік көлікті пайдалану тәртібі

29. ПО-да қызметтік көлікті пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңдарына, "Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 547 бұйрық) және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

30. Қызметтік көліктердің штат санын жасақтауға жабдықпен, аспаппен және құжаттамамен көзделген есептен шығарғанға дейін немесе күрделі жөндеуге дейін бар ресурстардың қорының жеткілікті жаңа немесе жарамды көлік құралдары жолданады.

31. Пайдаланылуға берілген қызметтік көлік үшін ұстау көзі белгіленеді және мұқаммал нөмірі беріледі.

32. ПО бөліністерінің көлік құралдарын ұстаудың негізгі көзі республикалық және жергілікті бюджет болып табылады.

33. Ұстаудың көзі бойынша деректер, қызметтік көліктің немесе жүзу құралының мұқаммал нөмірі көлік құралының пайдалану-жөндеу картасына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жазылады.

34. ПО қажеттілігі үшін қызметтік көлікті сатып алуға шығыстарды жоспарлау:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 185 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 209350 болып тіркелген) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекіткен мерзімдерде және бекітілген заттай нормалар негізінде;

2) республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша қызметтік көлікті ұстауға ақшалай қаражат қажеттілігі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес есеп-өтінімдерді құрастырумен жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Қызметтік көлікті бір бөліністен басқа бөлініске беру ПО басшысының шешімі бойынша іске асырылады.

36. Есептен шығарылған немесе берілген қызметтік көліктің мұқаммал нөмірлерін жаңадан келіп түскен көлік құралдарына беруге тыйым салынады.

37. "Әскери және арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесінің қоймаларынан ПО бөліністеріне көлік құралдарын беру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) басшылығы бекіткен бұйрықтың және наряд-нұсқамалардың негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. ПО қызметтік көліктерін тіркеу мен қайта тіркеу "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кемелерді, моторлы қайықтарды және скутерлерді (бұдан әрі – жүзу құралдары) пайдалану (қолдану), техникалық қызмет көрсету және жөндеу "Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 508 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11776 болып тіркелген) реттеледі.

40. Қызметтік көлікті пайдалануға енгізу кезінде автокөлік бөлінісі мыналарды автокөлік құралдарын пайдалану және есепке алу электрондық жүйесінде (болған жағдайда) немесе қағаз түрінде рәсімдейді:

1) автомашинаның деректері;

берілген мұкаммал нөмірі;

мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісі көрсетілген автокөлік құралының жеке ісі;

көлік құралын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган, немесе жергілікті атқарушы орган құжатының көшірмесі, сондай-ақ балансқа қабылдау, автомашинаны пайдалануға енгізу (ендіру) туралы ПО-ның ішкі құжаттары қоса тігіледі/орнатылады.

Қызметтік көлікті ПО балансынан басқа бөлініске немесе органға беру кезінде келесі баланста ұстау мекемесіне жеке ісі жолданады.

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әрбір қызметтік көліктің жиынтығы, техникалық жағдайы және қажетті мәліметтері көрсетілген көлік құралын беру туралы бекіту актісі (бұдан әрі – Акт);

Акті ұсынылған баянат немесе қызметкерді қызметтік көлікке бекіту туралы немесе ПО бөлінісінде еңбек келісімі бойынша жұмыс жасайтын жүргізушіге қызметтердің

бірінші басшысының немесе оны ауыстыратын адамның қолымен ұсынылған ұсынымхат негізінде автокөлік бөлінісінің лауазымды адамымен қажетті данада құрылады;

Акті қызметтік көлік пайдаланылып жүрген автокөлік бөлінісінде сақталады.

Актінің сақтау мерзімі "Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, ішкі істер органдарының, Ұлттық ұланының, қылмыстық-атқару жүйесі, төтенше жағдайлар органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінің мекемелері мен ұйымдарының қызметінде жасалатын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 қазандағы № 977 ІІМ бұйрығымен (бұдан әрі – 977 бұйрық) реттеледі.

Арнайы дыбыспен, жарық сигналдарымен, арнайы құрылғылармен және байланыс құралдармен жабдықталған жедел-қызметтік автомобильдер және мотоциклдер, осы көлік құралын басқаруға құқылы тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар болған кезде және жүргізушілік жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес жүргізушіге Актімен бекітіледі.

3) Көлік құралының пайдалану-жөндеу картасы;

4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес автомобильдің, мотоциклдің шиналарының жұмысын есепке алу карточкасы;

5) № 187 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес толық материалдық жауапкершілік туралы (типтік) келісім-шарт.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Жүзу құралдарына құжаттар "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бекітілген бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген) сәйкес рәсімделеді.

42. Жолдама парақ автокөлік жұмысын есепке алу бойынша құжат болып табылады. Қызметтік көлікке жолдама парағы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімделеді. Жүзу құралдарына кеме кітабы толтырылады.

43. Жолдама парағының бланкілері типографиялық әдіспен жасалынады.

44. Жолдама парағы жолдама парақтарын тіркеу журналында (бұдан әрі – Журнал) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тіркелуге жатады.

45. Жолдама парағын диспетчер немесе беруге уәкілетті адам бір данада береді және күнде толтыру жүргізеді.

46. Берілген жолдама парағында реттік нөмірі, берілген күні, автокөлік бөлінісінің штамп таңбасы және жолдама парағын беретін ПО мөрі болуы тиіс.

47. Лауазымды адам күнделікті қызметтік көліктің тұрақ орнына кіру кезінде спидометр көрсеткішін жолдама парақ көрсеткіштерімен салыстыруды жүзеге асырады.

48. Толтырылған жолдама парақтар ай сайын ПО-ның автокөлік бөлінісі немесе қаржы қызметі өңдеуі тиіс.

49. Жолдама парақтарын сақтау және жою № 977 бұйрықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруын ресімдемей, сондай-ақ техникалық байқауды өтпеген қызметтік көлікті пайдалануға рұқсат жоқ.

51. Автомобиль және мотоцикл шиналарын, стартерлік аккумуляторларды пайдалану "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 қаулысымен регламенттеледі.

52. ПО қызметтік көлігін пайдаланудың (оның ішінде демалыс және мереке күндері қолдану) тәртібін, гарнизон, аумақ, қызмет көрсететін учаске шегінен қызметтік іссапарларға шығуды, көлік құралдарын сақтауды, олардың техникалық жай-күйін бақылауды, гараждардан, тұрақ орындарынан шығуды және желіден оралуын бақылауды, оталдыру кілттерін және көлік құралдарын тіркеу куәлігін сақтауды, жолдама парақтарын беруді және тапсыруды, ЖЖММ беруді ПО басшысы белгілейді және бұйрықпен бекітеді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.06.2026 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Қызметтік көліктің шығуы, кіруі және бекітілуі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес Қызметтік көліктің шығуын, кіруін және бекітілуін тіркеу журналында белгіленеді.

54. Қызметтік көліктің шығуын, кіруін және бекітілуін тіркеу журналы бақылау-өткізу пунктінде (кезекші бөлімдерде) жүргізіледі.

55. ПО басшылары және лауазымды адамдар қызмет көрсететін аумақтан тыс жерге немесе қызметтік іссапарға шығумен байланысты тапсырмаларды орындау алдында жүргізушілерге нұсқама береді.

56. Жүргізушілермен жүргізілген нұсқама осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Нұсқама жүргізу журналына тіркеледі.

57. Нұсқаманы жүзеге асыратын лауазымды адам қойылған мақсаттарды орындауға жүргізушінің және қызметтік көліктің дайындығын жеке тексереді.

58. Бір бағытта жүретін қызметтік көлік колоннаны қалыптастырады.

59. Колоннаны қалыптастыратын лауазымды адам колоннаның бастығын тағайындайды, оған міндет қояды, осы міндеттерді орындау үшін барлық қажеттімен

қамтамасыз етеді және жүргізушілер мен қызметтік көлікті шығуға дайындау жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізу мүмкіндігін ұсынады.

60. Колоннаның бастығы оған қойылған міндеттерді орындау, жүргізушілердің тәртібі, колоннаның жолда жүру тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауап береді.

61. қозғалыс басталар алдында колоннаның бастығы:
міндетті белгілейді;

қозғалыс бағытын, жүргізушілердің (жолаушылардың) демалысы мен тамақтануларын ұйымдастыру мүмкіндігін, сондай-ақ жолда және соңғы пункте машиналарға бензин толтыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді зерделейді;

бағыттың ерекшеліктері, жүру тәртібі, мәжбүрлі тоқтаған, колоннаны басқару командалары (сигналдар) жағдайында жүргізушінің әрекеттері туралы жүргізушілерге нұсқама береді;

жүргізушілердің дайындығын тексереді;

жүргізушілермен бірлесіп, қызметтік көліктің дайындығын тексереді;

қажет болған жағдайда колонна құрамына жылжымалы жөндеу құралдарын және қамтамасыз ету құралдарын қосу туралы ұсыныс енгізеді.

62. Ауыр салдарына қарамастан ПО қызметтік көліктері қатысуымен болған барлық ЖКО есепке алуға және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жол-көлік оқиғаларын есепке алу журналына тіркеуге жатады.

63. Кітаптар мен журналдар нөмірленеді, тігіледі, мөрмен бекітіледі, ПО кеңсесінде тіркеледі және автокөлік бөлінісі немесе ТҚБ (ТҚБ) бастығы қол қояды.

6-тарау. Қызметтік көліктің жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

64. ПО қызметтік көліктерінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) полицей-жүргізушілердің және еңбек шарты бойынша жүргізушілердің (бұдан әрі – жүргізушілер) кәсіби даярлығын арттыру;

2) пайдаланудағы қызметтік көліктің жарамдылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету;

3) қызметтік көліктің сақталуын, олардың гараждан (тұрақ орнынан) шығуын және желіден оралуын бақылау;

4) жүргізушілерді:

жол жүрісін ұйымдастырудағы өзгерістер мен жол жағдайларының өзгерістері;

жүргізушілердің қателіктері мен теріс мінез-құлықтарымен (әрекеттерімен немесе әрекетсіздіктерімен) танысу, осыған ұқсас жағдайларда өз тәртіптерін зерделеуді және қателіктердің пайда болуының алдын алуды қалыптастыру және білу мақсатында ЖКО жағдайлары мен себептері туралы ақпараттандыру.

5) желідегі жүргізушілердің жұмысын бақылау;

6) қызметтік көліктің жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ең жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген жүргізушілерді моральдық және материалдық көтермелеудің әртүрлі нысандарын қолдану;

7) заңнамада белгіленген тәртіпте ЖКО кінәлі және ЖЖҚ бұзған ПО жүргізушілерін жауапкершілікке тарту;

8) жүргізушілердің жасына, жұмыс өтіліне, психофизиологиялық мүмкіндіктеріне және басқа да факторларға байланысты жеке және топпен оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы нысандары мен әдістерін қолдану арқылы жүргізушілердің кәсіби шеберлігін жүйелі арттыру;

9) еңбек заңнамасының нормаларын сақтай отырып, ПО-да жүргізушілерге еңбек пен демалыстың тиімді жағдайын жасау;

10) жүргізушілердің рейс алдында денсаулық жағдайын күнделікті медициналық бақылау;

11) жүргізуші болып жұмыс істеу үшін кандидаттарды дұрыс таңдау.

65. Қызметтік көлікке бірінші рет бекітілетін жүргізуші ЖЖҚ біліміне және көлік құралдарын басқару дағдысына тексерілуі тиіс.

66. ЖЖҚ тапсыру нәтижелері әрбір сыналуды кандидаттың қолы қойылып ЖЖҚ ведомісіне енгізіледі. Ведомоске сынақ жүргізген лауазымды адам қол қояды.

67. Көлік құралын басқару дағдысын тексеру алдында кандидат жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша нұсқамадан өтеді, оны жол жүрісі қауіпсіздігіне, еңбекті сақтау мен техникалық қауіпсіздікке жауапты лауазымды адам өткізеді.

68. Жүргізушіні тағылымдамадан өткізу жүргізуші-тәлімгердің басшылығымен және тікелей қатысуымен жүзеге асырылады.

69. ПО-да жол жүрісі қауіпсіздігі мәселелері бойынша сабақтарды, оқу кинофильмдерін көрсетуді жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша арнайы жабдықталған үй-жайда (кабинетте) лауазымды адам жүргізеді.

70. Жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін қызметтік көліктің штатына сәйкес жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын лауазымды адамға жеңіл автомобиль бекітіледі, онда "Жол жүрісі қауіпсіздігі қызметі" арнайы жазбасы жазылуы тиіс.

71. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша оқу-тәрбие жұмыстары нысандарының бірі ПО жүргізушілерінің оқу жиындары болып табылады.

72. Қатысушылар құрамын, жүргізу тәртібін, бағдарламаны, оқу жиынын өткізуге оқу жоспары мен сметаны ПО басшылығы бекітеді.

73. Оқу жоспарына мынадай:

1) ЖЖҚ мәселелері бойынша;

2) көлік құралдарын басқару техникасын жетілдіру, оның ішінде жылдамдық маневрлеу бойынша жаттығуларды және жазғы және қысқы мезгілдерде басқа да арнайы жаттығуларды орындау бойынша;

3) ЖКО кезінде жәбірленушілерге алғашқы медициналық көмектің тәсілдерін пысықтау бойынша;

4) аварияға түскен автомобильден, автобустан және басқа да көлік құралдарынан адамдарды эвакуациялау тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ ЖКО кезінде жәбірленген адамдарды емдеу мекемелеріне тасымалдау қағидаларын пысықтау бойынша;

5) көлік құралдарының өртенуін болдырмау және сөндіру бойынша теориялық және практикалық сабақтар (жаттығулар) енгізіледі.

7-тарау. Қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібі

74. Қызметтік көліктің техникалық жай-күйін және пайдалануын, оларға техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге шығындарды жоспарлау және бағалау үшін мынадай негізгі көрсеткіштер қолданылады:

1) қызметтік көліктің техникалық әзірлік коэффициенті (бұдан әрі – ТӘК);

2) 1000 километрге (бұдан әрі – км) жүруге қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге шығындар;

3) қызметтік көлікті жолға шығару коэффициенті (бұдан әрі – ШК).

Қызметтік көліктің желіге шығу ШК жоспарлы ТӘК-ден кемінде 80% болуы тиіс.

75. 1000 км жүруге техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге жоспарлы ТӘК, ШК және орташа өлшемді шығындарды ПО басшылығы бекітеді:

1) автомобильдер мен автобустар үшін – бір жылға;

2) мотоциклдер үшін – бір тоқсанға.

76. ПО қызметтік көлігінің жоспарлы ТӘК кемінде 80% болуы тиіс.

77. Көлік құралдарының пайдалану көрсеткіштері осы Қағидалардың 12-қосымшасында көрсетілген.

78. Жүрудің 1000 км техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге нақты ТӘК пен ШК, ақшалай қаражат шығындары 75-тармақта көрсетілген машиналардың негізгі тобы үшін бөлек, ПО бойынша өткен әрбір тоқсанға бөлек айқындалады.

79. Қолда бар қаржылық және материалдық ресурстарға сүйене отырып, автокөлік бөлінісіне жетекшілік ететін ПО басшысының орынбасары қызметтік көліктің жылдық пайдалану жоспарын бекітеді.

80. ПО-ның әр қызметі үшін жоспарда ұстау көздері бойынша және пайдалану топтары бойынша бөлек көлік құралдарын пайдаланудың жиынтық жылдық және тоқсандық нормалары көзделген:

1) пайдаланылуы жүру километрінде ескерілетін автобустар, жеңіл, жүк, мамандандырылған және арнайы көлік құралдары;

2) пайдаланылуы мотосағаттарда ескерілетін катерлер, шынжырлы транспортерлер, тракторлар және көлік құралдары.

81. Қызметтік көлікті пайдаланудың ең жоғары жылдық нормалары заттай нормаларға сәйкес белгіленеді.

82. Автокөлік құралдарының қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін, техникалық ықпал етуді жүргізу тәртібі № 547 бұйрықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

83. Бірінші техникалық қызмет көрсету (ТҚК-1) және екінші техникалық қызмет көрсету (ТҚК-2) дайындаушы-зауыт белгілеген жүру аралығының нормалары бойынша орындалады.

84. Тіркеме мен жартылай тіркемеге техникалық қызмет көрсету аралығы олардың сүйрегіштеріне қызмет көрсету мерзімділігімен тепе-тең қабылданады.

85. ТҚК-1 күн сайын қызмет көрсету кезінде (бұдан әрі – КҚК) орындалатын жұмыстарды, көлік құралдарының жүру қауіпсіздігіне ықпал ететін тораптар мен бөлшектердің техникалық жай-күйін айқындау бойынша жалпы бақылау-диагностикалық жұмыстарды енгізеді.

86. ТҚК-2 ТҚК-1 кезінде орындалатын жұмыстарды, көліктің құрамды бөлшектері, оның жүйелері мен арнайы жабдықтардың техникалық жай-күйін айқындау бойынша бақылау-диагностикалық жұмыстардың толық көлемін, бекіту, майлау, реттеу, электротехникалық және басқа да жұмыстарды енгізеді.

87. Қызметтік көлік үшін техникалық қызмет көрсетудің әр түрі бойынша жұмыстар көлемі ТҚК-1 және ТҚК-2 регламенттелген жұмыстардың әзірленген технологиялары негізінде белгіленеді.

Қалған техника үшін техникалық қызмет көрсету көлемін осы модельді көлікті пайдалану бойынша өндіруші-зауыттың нұсқаулығы негізінде автокөлік бөлінісі әзірлейді.

88. Қызметтік көлікте орнатылған арнайы құрал-жабдыққа қызмет көрсету ереже бойынша машинаға техникалық қызмет көрсетумен бір уақытта іске асырылады.

89. Техникалық қызмет көрсетудің регламенттелген жұмыстарының көлемін қысқартуға тыйым салынады.

90. Қызметтік көлікті бақылау және қабылдау желіден қайтқан кезде автокөлік бөлінісінің бақылау-техникалық пунктінде жүзеге асырылады. Бұл ретте жиынтығын және сыртқы жай-күйін тексеру жүргізіледі, істен шығулар мен ақаулар тіркеледі, қажет болған жағдайда зақымдану туралы акті жасалады және ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау үшін қажетті ақпарат ресімделеді және автокөліктік шеберханаға беріледі.

91. Қызметтік көлік бөліністің тұрақты орналасқан жерінен бөлек жұмыс істеген кезде жүргізуші КҚК бақылау операцияларын күнделікті орындайды. Бақылау операциялары бір күн ішінде жүргізушілер ауысқан кезде де орындалады.

92. Рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық тексеруді өтпеген және жарамсыз күйдегі қызметтік көлікті жолға шығаруға (рейске жөнелтуге) рұқсат етілмейді.

93. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу ПО автожөндеу шеберханасында немесе Техникалық қызмет көрсету станцияларында орындалады.

94. Техникалық қызмет көрсету станцияларында, ұйымдарда және кәсіпорындарда қызметтік көлікке ТҚК және АЖ орындау алдында агрегаттарды, тораптарды, механизмдерді және аспаптарды жөндеуге осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес наряд және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес жөндеу және есептен шығару алдында көлік құралын, оның тораптарын және агрегаттарын тексеру актісі жасалады.

95. Агрегаттарды, тораптарды, механизмдерді және аспаптарды жөндеуге нарядта көрсетілген жұмыстар тізбесіне сәйкес оларға төлем жүргізіледі.

96. Мемлекеттік стандарттарға және басқа нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес штаттық қызметтік құралының құрылымы мен техникалық жай-күйіне қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау:

1) ПО автожөндеу шеберханасында ТҚК, АЖ барысында;

2) ТҚК, АЖ және КЖ жүргізгеннен кейін, осы жұмыстар мамандандырылған жөндеу кәсіпорындарының техникалық қызмет көрсету станцияларында және басқа да ұйымдарда орындалған кезде;

3) ПО алатын қосалқы бөлшектер мен пайдалану материалдарының сапасымен;

4) ПО сақталатын көліктің, олардың желіге шығуы алдында және тұрақ орнына оралғаннан кейін техникалық жай-күйімен жүзеге асырылады.

97. Қызметтік көлік құрылымының, жөнделетін немесе дайындалатын бөлшектер мен тораптарының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуіне, сондай-ақ олардың техникалық жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру кезінде тиісті нормативтік актілерді басшылыққа алу қажет, оның ішінде:

1) "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

2) "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден Одағының техникалық регламенті;

3) "Автоматокөлік құралдары. Құрылымға өзгерістер енгізу. Жалпы ережелер және техникалық талаптар" Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты;

4) "Автокөлік құралдары. Жол жүрісі қауіпсіздігінің шарты бойынша техникалық жай-күйіне талаптар. Тексеру әдістері" Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты;

5) Кәсіпорындардың, дайындаушы зауыттарының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтары;

98. Қажетті бақылау-диагностикалық жабдығы және өндірістік алаңдары бар ПО автожөндеу шеберханасында бақылау-диагностикалық жұмыстарды орындау үшін дербес бекет (желі) құрылады.

99. ТҚК-1 және ТҚК-2 жағдайына қарай үздіксіз немесе тұйықты әдіспен орындалады.

100. ПО автожөндеу шеберханасында жұмысты қамтамасыз ету үшін аралық қойма, аспапты қойма, жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу бойынша учаске құрылады.

101. ПО автожөндеу шеберханасында агрегаттар, тораптар, аспаптар мен бөлшектердің айналым қоры құрылады.

Айналым қорының әрбір агрегатына қоймаға келіп түскен агрегат, оны жөндеу және пайдалану туралы деректерді айқындайтын осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес айналым агрегатын есепке алу карточкасы жүргізіледі.

102. Қоймадағы жарамды агрегаттар, тораптар, құралдар мен бөлшектер қызметтік көліктің жұмысын қамтамасыз етуі тиіс. Оларды пайдалану қажеттілігі болмаған кезде заңнамада белгіленген тәртіпте кәдеге жаратады.

103. Жарамды және жөндеуді қажет ететін немесе жарамсыз агрегаттарды, тораптарды, құралдарды, бөлшектерді бірлесіп сақтауға (орналастыру) тыйым салынады.

104. Қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсету техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізіледі, оны:

1) автокөлік бөлінісі (ТҚК және жөндеу ПО орталық гараждарында және техникалық қызмет көрсету станцияларында жүргізілетін көлік құралдары бойынша);

2) гараж бастығы немесе автокөлікпен қамтамасыз ету жөніндегі бақылау міндеттері жүктелген ПО бөлінісінің жауапты адамы (ТҚ орнында жүргізілетін көлік құралдары бойынша) жасайды.

105. ПО автожөндеу шеберханасында қызметтік көліктері ТҚК жататын ПО бөліністеріне автокөлік бөлінісі жоспарлы ай басталғанға дейін техникалық қызмет көрсету кестесінен үзіндіні жолдайды.

Үзіндіде көліктің түрлері, модельдері, мемлекеттік нөмірлік белгілері, ТҚК түрлері мен көлікті ПО автожөндеу шеберханасына қызмет көрсетуге жолдау уақыты көрсетіледі.

106. ПО автожөндеу шеберханасында ТҚК өтетін қызметтік көлік үшін ТҚК кестелерін түзету автокөлік бөлінісі бастығының немесе ПО ТҚБ(ТҚб) бастығының шешімімен:

1) жедел жағдайлар туындаған кезде;

2) егер қызметтік көлік ТҚК кестесімен белгіленген мерзімнен бұрын белгіленген жүруді орындаса немесе егер ол көрсетілген мерзімге кезекті ТҚК дейін белгіленген жүрудің кемінде 60% орындаса жүргізіледі.

107. ПО автожөндеу шеберханасына жолданатын қызметтік көлікке, сондай-ақ ТҚК және жөндеуді жылжымалы техникалық қызмет көрсету шеберханасы жүргізетін автомашиналарға қызметтік көліктің ТҚК және жөндеуді бастапқы есепке алу құжаттары болып табылатын осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес өтінім парақтар жазылады.

108. Өтінім парақтарын:

- 1) ПО автожөндеу шеберханасында БӨП бастығы (механигі);
- 2) гараждың бастығы немесе ПО көлік құралдарын пайдаланға жауапты адам;
- 3) жұмыстарды жылжымалы ТҚК шеберханасы орындаған кезде – механик жазып береді.

109. ПО автожөндеу шеберханасында көліктен алынған агрегаттарды, тораптарды, механизмдерді, аспаптар мен бөлшектерді жөндеуге, сондай-ақ бөлшектерді дайындауға наряд екі данада жазылады.

Нарядтардың бір данасы жұмыстарды орындағаннан және қажетті жазбаларды енгізгеннен кейін ПО бухгалтериясына тапсырылады, агрегаттарды, тораптарды, тмеханизмдерді, аспаптар мен бөлшектерді жөндеуге нарядтардың екінші данасы жөндеу үшін көрсетілген агрегаттарды, тораптарды, механизмдерді, аспаптар мен бөлшектер алынған автомашиналарға жазылған өтінім параққа қоса беріледі.

110. Нарядтар жөнделген агрегаттарды, тораптарды, механизмдерді, аспаптарды, сондай-ақ дайындалған және жөнделген бөлшектерді қоймаға кірістеу үшін негіз болып табылады. Жөндеуден, реконструкциядан (жаңғырудан) активтерді қабылдап алу-беруге "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) бекітілген А-5 нысанына сәйкес жөнделген, реконструкциялаған (жаңғыртылған) активтерді қабылдап алу-беру актісі пайдаланылады.

111. ПО автожөндеу шеберханасына техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге келіп түскен қызметтік көлікте орындалатын жұмысты есепке алу, белгіленген мерзімде жұмысты орындау бойынша шаралар қабылдау үшін автокөлік бөлінісінің бастығы көлікке техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізудің жедел жоспарын жасайды және жүргізеді.

112. Автокөлік құралдарын жөндеу, қайта құру, бөлшектеу бойынша құжаттар № 562 бұйрыққа сәйкес ресімделеді.

113. ПО автожөндеу шеберханасының жылжымалы техникалық қызмет көрсету шеберханасы жөндеу жұмыстарын орындау үшін техникалық қызмет көрсету пункттері жоқ алыс бөліністерге де жолдануы мүмкін.

8-тарау. Автокөлік бөлінісінің жай-күйін тексеру тәртібі

114. Автокөлік бөлінісінің жай-күйін тексеру міндеттері:

- 1) ПО қызметінің автокөлікпен қамтамасыз етілуінің нақты жай-күйін зерделеу;
- 2) тексерілетін ПО басшыларымен бірлесіп бар кемшіліктерді жою бойынша нақты іс-шаралар әзірлеу болып тыбылады.

115. Тексеру ПМ, ПО басшылығының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

116. Тексеру кезінде:

1) қызметтік көліктің бар-жоғы, ұсталуының және пайдалануының нормативтік негіздері;

2) қызметтік көліктің техникалық жай-күйі, жабдыкталуы, сыртқы түрі, қызметтік көлікке және жүзу құралдарына тиісті құжаттардың бар-жоғы және дұрыс ресімделуі;

3) қызметтік көлікті, жүзу құралын ұстаудың нақты көздерінің сәйкес келуі, оларды ұстауға көзделген ақшалай қаражатты жұмсау тиімділігі;

4) қызметтік көлікті, жүзу құралын пайдалануды (қолдануды), оның ішінде оларды сақтау тәртібін, оларды желіге шығару және тұратын орнына оралуын ұйымдастыру тәртібі;

5) қызметтік көлікке, жүзу құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру;

6) ПО қызметтік көлігінің қатысуымен ЖКО алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігі;

7) қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу, пайдалану (қолдану) және сақтау кезінде еңбекті және табиғатты қорғау туралы заңнаманы сақтау;

8) төтенше жағдай, жедел жағдай күрделенген және экстремалдық жағдайлар кезінде ПО қызметін тұрақты автокөліктік қамтамасыз етуге әзірлік зерделенеді.

117. Тексеруді жүзеге асырған адам тексерілген ПО басшылығын нәтижелері туралы баяндама жазбамен (баянатпен) ақпараттандырады және анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға практикалық көмек көрсетеді.

9-тарау. Қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу, пайдалану және сақтау кезінде еңбекті, табиғатты қорғау, өрт қауіпсіздігі

118. Автомобиль көлігіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

119. Автокөлік бөліністері еңбекті, табиғатты қорғау және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізеді:

1) еңбекті, табиғатты қорғау, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шығыстарды жоспарлау;

2) автокөлік бөлінісінің басшылығымен, мамандарымен, жүргізушілерімен, жұмысшыларымен және басқа да жұмыскерлерімен еңбекті қорғау, табиғатты қорғау, өрт қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, нормативтік актілерді зерделеуді ұйымдастыру;

3) автокөлік бөліністерінің жұмыскерлерін және жүргізушілерін жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқыту;

4) нұсқаманың барлық түрлерін уақтылы жүргізу;

5) еңбекті ұйымдастыруды жүйелі жақсарту, қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету және ауыр физикалық еңбекті қысқарту.

6) Еңбекті қорғау, табиғатты қорғау, өрт қауіпсіздігі туралы заңнаманың талаптарын сақтау, оның ішінде:

ғимаратты, құрылыстарды, коммуникациялардың құрылысына, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге, аумақтық абаттандыру және көгалдандыруға жобалау-сметалық құжаттаманы келісу кезінде, сондай-ақ осы объектілерді қабылдау және оларды пайдалану кезінде;

технологиялық, көтеру-көлік, желдеткіш, санитарлық-техникалық, жылыту және көлік құралының басқа жабдықтарын, механизмдерді, энергетикалық құрылғыларды, бу және су жылытатын қазандықтарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен аппараттарды, көлік құралдары және басқа әлуетті қауіпті объектілерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу кезінде;

7) атмосфераға зиянды заттардың тастандысын азайту, тазартылмаған ағын суды ағызуды, жердің өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен ластануын болдырмау;

8) адам денсаулығына әсер ететін заттардың, тербелістердің, сәулелердің сандық және басқа да өлшемдерін табу үшін, жабдықтардың, қатынас жолдардың апатты жағдайы, өрт пен тұтану пайда болған кезде автоматты түрде хабарлау және зиянды салдарын болдырмас үшін автокөлік бөліністерін жабдықтармен, аспаптармен, жүйелермен жарақтау;

9) "Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12675 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жұмыскерлерге арнайы киім және жеке қорғану құралдарын беру;

10) апаттарды, өрттерді, тұтануды, өндірістік жарақат алған жағдайларды, атмосфералық ауаның ластануын, тазартылмаған ағын суларды тастауды, жерді ластануды қызметтік тергеу.

10-тарау. Автокөлік бөліністеріндегі есептілік

120. Автокөлік бөліністерінде есептілік тікелей жасалады. ПО-ның бағынысты құрылымдық бөліністері жоғары тұрған бөліністер алдында көлікпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша есеп береді.

121. Жылына бір рет ИМ басшылығы бекіткен кестеге сәйкес ПО автокөлік құралдарының есептік деректерін ИМ-нің Тыл департаментімен салыстыра тексеру жүргізеді.

ПО бөліністері Тыл департаментіне мынадай есептер мен мәліметтерді ұсынады:

1) көлік құралдарын сатып алуға бюджеттік өтінім – ИМ-нің алдағы жылдарға арналған бюджетінің жобасын қалыптастыру кезеңінде ИМ бекіткен мерзімдерден кешіктірмей ұсынылады;

2) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес ішкі істер органдары бөліністерінің автокөлік құралдарымен болған оқиғалар туралы есеп (тоқсан сайын, келесі айдың 5 күніне);

3) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес ішкі істер органдары бөліністерінің көлік құралдары туралы есеп;

4) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес ИМ басшылығы бекіту үшін көлік құралдарының штаты;

5) қызметтік көліктің бар-жоғы және қажеттілігі туралы деректер тоқсан сайын соңғы айдың 25-не ұсынылады.

122. Қызметтік көліктің қатысуымен болған оқиғалар (ЖКО, ұрлау, тұтану және т.с.с) туралы ақпарат (арнайы хабарлама) Ішкі істер министрлігіне тәулік ішінде дереу (ЭҚАБЖ, факс, электрондық пошта) беріледі.

123. Тыл департаментінің көлікпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша шұғыл ақпараттық сұрау салуларына (электрондық пошта, жұмыс немесе мобильді телефон арқылы) ПО бөліністері бір сағат ішінде өзекті ақпаратты ұсынуы, ал бар деректерді нақтылау немесе өзектендіру қажеттілігінің негізделген жағдайында – бір жұмыс күнінен асырмай ұсынуы тиіс.

124. ПО автокөлік бөліністерінің Тыл департаментіне ұсынатын есепке алу деректерінің шынайылығы үшін тікелей орындаушылар да, ТҚБ (ТҚб, ТҚт) бастығы және ПО басшылығы да жауапты болады.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 375 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер органдары автокөлік
бөліністерінің қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Автокөлік бөлінісінің, гараждың П А С П О Р Т Ы

(ішкі істер органының атауы)

МАЗМҰНЫ

Паспортты жасау тәртібі.

1. Паспорт бөлімдері.

2. Жалпы деректер.

3. Аумақтың сипаттамасы.

4. Автокөлік бөліністері орталық гаражының және оның филиалдарының ғимараттары мен құрылыстарының сипаттамасы.

5. Мәдени-тұрмыстық ғимараттар (үй-жайлар) сипаттамасы.

6. Автокөлік бөліністерінің өндірістік, қосалқы және қойма үй-жайларының сипаттамасы.

7. Өндірістік аймақтар мен тұрақтардың сипаттамасы.

8. Автокөлік бөлінісі автожөндеу шеберханасының жобалық қуаты.

9. Технологиялық жабдық:

1) жинау-жуу және тазалау жұмыстарына арналған жабдық;

2) көлік құралдарына жанар май құю және майлауға арналған жабдық;

3) көтергіш көлік жабдығы;

4) көлік құралдары мен олардың құрамды бөлігінің диагностикасы мен реттеуге арналған жабдықтар мен құралдар;

5) қорек жүйесін жөндеуге және реттеуге арналған құралдар, құрылғылар мен аспаптар;

6) электр-жабдықтар, аккумулятор батареяларын бақылау, реттеу және жөндеуге арналған жабдық;

7) бөлшектеу-жинау және жөндеу жұмыстарына арналған жабдық пен аспап;

8) дөңгелек жөндеу және дөңгелекті монтаждау жабдығы.

9) темір соғатын-сығымдағыш жабдық;

10) дәнекерлеу жабдығы және қалпына келтіру-балқыту жұмыстарына арналған жабдық;

11) сырлау және тұсқағаз жұмыстарына арналған жабдық;

12) қозғалтқыштарды қысқы іске қосуды қамтамасыз етуге арналған жабдық;

13) металл кесетін станоктар, слесарлық жабдық және аспап;

14) жылжымалы жөндеу шеберханасы;

15) жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша кабинеттерге арналған жабдық;

16) жалпы өндірістік энергетика мен сантехника.

ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР

Автошаруашылықтың атауы _____

Автокөлік бөліністерінің ұйымдарына арналған учаске, үй-жай бөлу туралы құжаттың нөмірі мен күні _____

Автошаруашылық тобы _____

Пошталық және телеграфты мекенжай, телефондар, факс _____

Төлем деректемелері _____

1. Автошаруашылықтың бюджеттік шоты _____

2. Автожөндеу шеберханасының есептік шоты _____

Автокөлік бөліністері филиалдарының пошталық мекенжайы:

1. _____

2. _____

3. _____

Паспортты бастапқы толтыру күні _____

ТҚБ бастығы _____

АКБ бастығы _____

АКБ бастығы _____

АКБ бухгалтері _____

ЖЖҚ бойынша инженер _____

АУМАҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

р/с№	АТАУЫ	АКК орталық гаражы	О АКК филиалдары		
			1	2	3
1	Учаскенің жалпы көлемі, ш.м.				
2	Ғимараттар мен құрылыстарымен құрылыс көлемі, ш.м.				
	оның ішінде: өндірістік				
	әкімшілік-тұрмыстық				
	қойма				
	қосалқы				
3	Қ а т т ы жабындысы бар учаске алаңы (асфальт, бетон және т.б.)				
4	Ашық тұрақтағы машина орнының саны, бірл.				
	оның ішінде: жылытумен жабдықталған				
	Қоршаудың болуы (биіктігі,				

5	қ.м./ұзындығы, м)				
---	----------------------	--	--	--	--

ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАР МЕН ТҰРАҚТАР СИПАТТАМАСЫ

р/с№	АТАУЫ	АКК орталық гаражы	ОАКК филиалдары			
			1	2	3	ПТО
1	Жылы тұрақ:					
	- машина орнының саны ш.м.					
2	КҚК аймағы					
	- үй-жай көлемі, ш.м.					
	- жуу					
3	ТҚК аймағы					
	- үй-жай алаңы ш.м.					
	- машина орнының саны ш.м.					
	оның ішінде:					
	- эстакадамен					
	тік ормен					
	- көтергіштерім е н жабдықталған дар					
4	АЖ аймағы					
	- үй-жайдың көлемі ш.м.					
	- машина орнының саны ш.м.					
	оның ішінде:					
	- тұйықты орлармен					
	- көтергіштерм ен					
	- төңкергіштері м е н жабдықталған					

Автокөлік бөліністерінің өндірістік, қосалқы және қойма үй-жайларының сипаттамасы

р/с№	Учаскелердің, үй-жайлардың атауы	Көлемі ш.м.	Саны
1	Агрегатты		
2	Электр жабдықтарды жөндеу		
3	Аккумуляторлы		
4	Қорек жүйесінің құралдарын жөндеу		
5	Шиномонтажды		
6	Мысты		
7	Қаңылтырлы		
8	Дәнекерлеуші		
9	Шанақты		
10	Темір соққыш		
11	Слесарь-механикалық		
12	Сырлау		
13	Аспапты-тарату қоймасы		
14	Бас механик бөлімінің учаскесі		
15	Компрессорлы		
16	Насосты		
17	М а й л а у материалдарының қоймасы		
18	Қосалқы бөлшектер мен аспаптардың қоймасы		
19	Автомoto дөңгелектер қоймасы		
20	Лакты сырлау материалдарының қоймасы		
21	Ацетилен және оттегі қоймасы		
22	Отынның резервті қорының қоймасы		

Автокөлік бөліністерінің автожөндеу шеберханаларының жобалық өндірістік қуаты

Ықпал ету түрлері	Жылына ықпал ету саны	Ауысымдар саны
Автомобильдерге № 1 техникалық қызмет көрсету		
Мотоциклдерге № 1 техникалық қызмет көрсету		
Автомобильдерге № 2 техникалық қызмет көрсету		

Мотоциклдерге № 1 техникалық қызмет көрсету		
Автомобильдерді күрделі жөндеу		
Мотоциклдерді күрделі жөндеу		
Автомобиль қозғалтқыштарын күрделі жөндеу		
Мотоциклетті қозғалтқыштарды күрделі жөндеу		
Автомобильді агрегаттарды күрделі жөндеу		
Мотоциклетті агрегаттарды күрделі жөндеу		

ЖАЛПЫ ӨНДІРІСТІК ЭНЕРГЕТИКА МЕН САНТЕХНИКА Электр жабдықтау

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Автобөліністің орталық гаражы	ОАКБ филиалдары		
			1	2	3
1	Электр қуатын алу көздері:				
	-коректендіретін фидерлер (коректендіретін кабельдер немесе ауа ЭБЖ) дана, коректендіретін фидер нөмірлері				
	- трансформаторлық кіші станциялар, дана, қуаты, кернеу ква — жоғары, төмен				
2	Электр қуатын тұтынушылардың белгіленген қуаты, кВт				
	- электрқозғалтқыштар - дана: кВт				
	- электрпештер - дана: кВт				
	- жоғары жиілік құрылғылар (ТВЧ) - дана: кВт				
	- электр дәнекерлеу				

	агрегаттары бірл : кВт				
	- түзеткіш - дана : кВт				
	- жарық, қосынды қуаты - кВт				
	- өзге де ток тұтынушылары - кВт				
3	Компрессорлар				
	- түрі, саны				
	- қуаты, кВт				
	- кернеу, вольт				

Газбен жабдықтау

1. Қалалық газды пайдалану

р/с№	Газды пайдалану орны	Газ шығысы, м. куб.	
		орташа-сағат	ең жоғары
1			

2. Ацетиленді құрылғы

р/с№	Құрылғы түрі	Саны	Сипаттамасы	Өндірістілігі	Негізгі тұтынушы
1					

Жылумен жабдықтау

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Автобөліністің орталық гаражы	ОАКБ филиалдары		
			1	2	3
1.	Жылу алу көзі (ЖЭО, басқа да кәсіпорындар, меншікті қазандық)				
2.	Орташа сағаттық тұтыну :				
	- бу, т/сағ.				
	- жылы су, ккал/ сағ.				
3	Ең жоғары сағаттық тұтыну :				
	- бу, т/сағ.				
	- ыстық су, ккал/ сағ.				

4	Меншікті қазандық сипаттамасы:				
	- қазандық түрі				
	- өндірістілігі: - бу т/сағ. - ыстық су ккал/сағ.				
	- жұмыс қысымы, ат				
	- отын түрі				
	- отын шығысы кг/сағ.				
	- қазандықтардың шыққан жылы				

Желдеткіш

Желдеткіштің атауы, түрі, моделі	Техникалық сипаттамасы	Электр тежегіштің қуаты	Орнату орны	Кірме ағындық немесе сыртқа тарту	Алмасу еселігі
----------------------------------	------------------------	-------------------------	-------------	-----------------------------------	----------------

Тығыз ауамен жабдықтау

Компрессор түрі, жүйесі	Саны	Бір компрессордың өндірістілігі, м.куб/сағ	Жұмыс қысымы кг/см.кв
-------------------------	------	--	-----------------------

Сумен жабдықтау

р/с№	Көрсеткіштер атауы	АКБ орталық гаражы	ОАКБ филиалдары		
			1	2	3
1	Сумен жабдықтау көзі:				
	- қалалық су құбыры				
	- енгізу диаметрі, мм				
	- көрші кәсіпорыннан				
	- енгізу диаметрі, мм				
	- меншікті станциядан (өзен, тоған, артұңғыма)				

2	Арттырылған құрылғылардың болуы				
	- саны				
	- сипаттамасы				
3	Су резервуарларының болуы				
	- саны, дана				
	- сыйымдылығы, м.куб				
	- биіктігі, м				
	- материал				
4	Су тазалау құрылыстары				
	- саны, дана				
	- су тазалау түрі				

Кәріз

р/с №	Көрсеткіштер атауы	АКБ орталық гаражы	ОАКБ филиалдары		
			1	2	3
1	Ағындар саны:				
	- өндірістік				
	-нәжіс, бірл.				
2	Жүйенің тәуліктік өткізу қабілеті, м.куб				
	- өндірістік ағын				
	- нәжіс				
3	Тазалау құрылыстары барлығы				
	- өндірістік ағын				
	- нәжіс ағыны				
4	Тазалау құрылыстарының сипаттамасы				
	- атауы және түрі				
	- орташа тәуліктік өндірістілік м.куб				

	- құрылысты тазалау кезеңділігі				
5	Тастау орны				
6	Қандай ағын сулар қалалық желіге немесе тазалау құрылыстарын өтіп, басқа орындарға тасталады				

Тазалау құрылыстарының болуы

р/с №	Атауы	Өлш.бірл.	Автобөліністің орталық гаражы	Гараждан тыс ғимараттар мен құрылыстар
1	Шығатын газдардан тазалау үшін құрылғы:			
	- т а з а л а у құрылыстарының саны	дана		
	- т а з а л а у құрылыстарының сипаттамасы			
	- атауы және түрі			
	-орташа тәуліктік өндірістілік	м.куб		
	- орналасу орны			
	- тазалау кезеңділігі			
	- тазалау тиімділігі			
2	Ағын сулардан тазалау үшін құрылғы:			
	- т а з а л а у құрылыстарының саны	дана		
	- т а з а л а у құрылыстарының сипаттамасы			
	- атауы және түрі			
	-орташа тәуліктік өндірістілік	м.куб		
	- орналасу орны			
	- тазалау кезеңділігі			
	- тазалау тиімділігі			

Автокөліктік бөліністердің автожөндеу шеберханаларының технологиялық жабдығы

р/с№	АТАУЫ түрі, моделі	Саны	Техникал ы қ сипаттама	Дайындау шы зауыт	Жыл		Баланстық құны	Орнату цехы
					шыққан	орнату		
1	Жинау-жуу және тазалау жұмыстарына арналған жабдық							
2	К Қ толтыру және майлау үшін жабдық							
3	Көтергіш-көлік жабдығы							
4	Көлік құралдары мен олардың құрамды бөлігінің диагностикасы мен реттеу үшін жабдықтар мен құралдар							
5	Қорек жүйесін жөндеу және реттеу үшін құралдар, құрылғылар мен аспаптар							
6	Электр-жабдықтар, аккумулятор батареяларына бақылау, реттеу							

	және жөндеу үшін жабдық							
7	Бөлшектеу -жинау және жөндеу жұмыстары үшін жабдық пен аспап							
8	Дөңгелек жөндеу және дөңгелекті монтаждау жабдығы							
9	Темір соғатын-с ығымдағы ш жабдық							
10	Дәнекерлеу жабдығы және қалпына келтіру-ба лқыту жұмыстары үшін жабдық							
11	Сырлау және тұсқағаз жұмысы үшін жабдық							
12	Қозғалтқы штарды қысқы іске қосуды қамтамасыз ету үшін жабдық							
13	Металл кесетін станоктар, слесарлық жабдық және аспап							

14	Жылжымалы жөндеу шеберханасы							
15	Жол жүрісі қауіпсіздігі бойынша кабинеттер үшін жабдық							

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ГАРАЖДАРЫ

Ішкі істер орган дарын ың атауы	Сақтау орнының саны				Жабдықталған бекеттер саны		Негізгі технологиялық жабдықтың болуы						
	жабық үй-жайда		ашық тұрақта				К Қ жуу	көтергіштер	бұрғылау станоктары	қайрау станогы	компрессор	түзеткіш	өзге де жабдықтар
	авто	мото	авто	мото.	авто	мото.							

Автокөлік бөліністерінің және оның филиалдарының орталық гараждары ғимаратары мен құрылыстарының сипаттамасы

р/с №	Ғимараттар мен құрылыстардың атауы	Жыл		Үлгі жобаның нөмірі	Пайдалы алаңы ш.м.	Қабаттылығы	Материал		Баланстық құны, мың теңге
		салынған	реконструкциялау				қабырға	жабынды	
1									
2									
3									
4									
5									
6									

Мәдени-тұрмыстық ғимараттардың, үй-жайлардың сипаттамасы

р/с№	Ғимарат атауы	Көлемі ш.м.		Кубатура м.куб	Орын саны	Көркейту					Баланстық құны	Ескерту
		жалпы	Тұратын			жылу	жарық	суқұбыры	кәріз	газ	теле-фон	

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ШАРУАШЫЛЫҚ _____

Су құбыры желісінің қысымы _____ ат;

Арттырғыш құрылғыны қосу кезіндені қысым _____ ат;

Ағыс саны (брандспойтер) _____ дана;

Ерікті өрт жасағының адам саны _____ бірл;

Ерекше желінің болуы _____

Өртке қарсы жабдық

Мүкаммал №	Атауы, түрі, моделі	Техникалық сипаттама	Дауындаушы зауыт	Өндірістілігі		Қа й да пайдаланылды
				өлш.бірл.	саны	

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 375 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер органдары автокөлік
бөліністерінің қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Штаттық көлік құралдарын (жүзу құралдарын) есепке алу

КІТАБЫ

_____ (автокөлік бөлінісінің, автоколоннаның, органның атауы)

Басталды 20__ ж. " ____ " ____.

Аяқталды 20__ ж. " ____ " ____.

Кітаптың бірінші беті

Есепке алу кітабын толтыру бойынша түсіндірме

Есепке алу кітабына көлік құралын пайдалануға немесе резервке қабылдау туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін үш тәуліктен кешіктірмей деректер енгізіледі.

Кітаптың әрбір парағына алты көліктен астам құралы туралы жазба жүргізіледі, қандай да бір өзгерістер келесі жолға енгізіледі.

Ішкі істер органдарында, автоколоннада жүргізілетін кітапқа автошаруашылықта берілген мүкаммал нөмірілері қойылады.

Көлік құралының мүкаммал нөмірі пайдаланудың барлық мерзімінде, есептен шығарға дейін немесе автошаруашылықтан берілгенге дейін, оны ұстаудың бір көзінен екінші көзіне ауыстыру жағдайынан басқа, өзгертілмейді.

Есептен шығарылған немесе берілген автокөлік құралдарының мүкаммал нөмірлерін басқа көлік құралдарына беруге тыйым салынады.

Есепке алу кітабінің 12-14-бағандарындағы деректер көлік құралдарын жеткізуге құжаттар, бухгалтерлік есепке алу, бекіту актілері, сондай-ақ басқа да тиісті құжаттар негізінде енгізіледі.

Әрбір көлік құралы бойынша деректерді өзгерту әрбір көлік құралы бойынша жазының келесі жолдарына енгізіледі.

Көлік құралын күрделі жөндеуге жолдаған кезде 19-бағанда жөндеу күні және оны жүргізген кәсіпорынның атауы туралы жазба жасалады.

№4121-ТР нысаны бойынша ішкі істер органдарының құралы, санаторийілері және демалыс үйлері туралы есепті жасау алдында есепке алу құжатының деректері бухгалтерлік есепке алу деректерімен салыстыра тексеріледі.

Есепке алу кітабының бірін ауыстыру қажет болған жағдайда комиссия тағайындалады, ол деректерді жаңа кітапқа ауыстырудың дұрыстығын растайды, тиісті акті жасалады. Осы акті жаңа кітапқа тігіледі.

Жаңа кітапқа кітапты толтырған сәтте бар көлік құралдары туралы барлық деректер, олардың мұкаммал нөмірлерін өзгертусіз ауыстырылады. Содан кейін оның соңына дейін алдыңғы кітаптің соңғы нөмірінің келесі нөмірінен бастап реттік (мұкаммал) нөмірі қойылады..

ЕСКЕРТПЕ: Кітап тігіледі, нөмірленеді, мөрленеді және органның канцеляриясында тіркеледі.

Кітаптың сол жақ беті

Тармақшаның нөмірі – мұкаммал нөмірі	Жо ба моделі	Штаттық топ		Шыққан жылы	Мемнөмірі	Зауыттық нөмірлер		
		топ	кіші топ			шанақ шасси)	(қозғалтқыш	КҚТК
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								
3								

Кітаптың оң жақ беті

КҚ келіп түсуі туралы мәлімет							КҚ есептен шығару, беру туралы мәлімет		ескерту
күні	Қайдан келіп түсті	Құжат	Баланстық құны	Ұстау көзі	Пайдалануға енгізу күні	Бекітілген орган, қызмет	Бұйрықтың күні, №	қайда берілді, орган	
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 375 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы

Аkkумуляторлық батареяның жұмысын есепке алу

Келіп түскен күні	Аккумулятор маркасы	Шыққан жылы	Пайдалану енгізу күні, жылы, айы	Қызмет мерзімі айлармен		Пайдалану дан шығару себебі, жарамсыз болу актісінің күні, нөмірі	Пайдалану дан алып тастау күні	Ескерту
				жалпы	Арнайы жабдық болған жағдайда			

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 375 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер органдары автокөлік
бөліністерінің қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

20__жылға арналған Автожөндеу шеберханасының өндірістік бағдарламасының ЕСЕП-ӨТІНІМІ

Автокөлік құралдарының түрі						
АТАУЫ	жеңіл	Жүк шассиі	авто-бустар	Автомобиль және автобустар бойынша барлығы	мото-циклдер	ҚК барлық түрі бойынша
1	2	3	4	5	6	7
а) Бастапқы деректер						
1. Автожөндеу шеберханасында орындауға жоспарланған ТҚ, ТҚК және АЖ саны (жоспарлы жылдың 1 қаңтарына күтілетін болуына %)						
2. Түзетілетін коэффициенттер: - ТҚК кезеңділігі						

- К; - еңбексыйымд ылығы ТҚК - К2 - К5 нәтижелі К=К2.К5 - Т Р еңбексыйымд ылығы - К1 - К2 - К3 - К4 - К5 нәтижелі К= К1.К2.К3.К4. К5						
3. Түзетілген кезеңділік, мың км (мото/ сағ) -ТҚК-1 - ТҚК-2						
4. Түзетілген еңбексыйымд ылығы нормативтері адам сағ. - ТҚК-1 - ТҚК-2 -жүрудің 1000 км ағымдағы жөндеу (100 мото сағат)						
5 . Нормативтер қолданылған КҚ моделі (б а с ы м базалық модель бойынша)						
б) Республикалық бюджет есебінен ұсталатын КҚ бойынша ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМА						
6. Жоспарлы жалпы жылдық жүрісі, мың км						

1	2	3	4	5	6	7
7. ТҚК саны-1 бірл.						
8. ТҚК саны-2 бірл.						
9. Жоспарлы жүруге нормативтік еңбек сыйымдылығы, адам,. сағат - ТҚК-1 - ТҚК-2						
Республикалық бюджет есебінен ұсталатын көлік құралдарының ТҚК және АЖ жиынтық нормативтік еңбексыйымдылығы, адам, сағат						
Жергілікті бюджет есебінен ұсталатын КҚ бойынша						
10. ТҚК саны-1 бірл.						
11. ТҚК саны-2 бірл.						
13. Жоспарлы жүруге нормативтік еңбек сыйымдылығы, адам,. сағат - ТҚК-1 - ТҚК-2						
13. ТҚК саны-1 бірл.						
Жергілікті бюджет есебінен ұсталатын көлік құралдарының ТҚК және АЖ жиынтық нормативтік еңбексыйымдылығы, адам, сағат						
Автожөндеу шеберханасының жуушылары орындайтын жинау-жуу жұмыстарының еңбек сыйымдылығы, адам, сағ.						
КҚ және олардың агрегаттарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстың еңбек сыйымдылығы, адам, сағ -						
Жиыны, 1 есептеу пунктінде барлық КҚ бойынша жалпы жиынтық еңбек сыйымдылығы, адам, сағ.						
Жалпы еңбек сыйымдылығынан жүргізішулер орындайды, адам, сағ. - жөндеу жұмысшылары орындайды, адам, сағат						

20__жылға арналған АВТОЖӨНДЕУ ШЕБЕРХАНАСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

р/с №	ЫҚПАЛ ЕТУ ТҮРІ	Өлш.бірл.	Автомобильдер	Мотоциклдер
1	ТҚК-1			
2	ТҚК-2			
3	Машиналарды күрделі жөндеу			

4	Тежегіштерді күрделі жөндеу			
5	Агрегаттарды күрелі жөндеу			
6	Ағымдағы жөндеу			
7	Жинау-жуу жұмыстары			

1. 20__жылға арналған автожөндеу шеберханасында көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге негізгі шығындар

ЕСЕБІ-ӨТІНІМІ

КӨЛІК ҚҰРАЛД АРЫНЫ Ң ТҮРІ	Жоспарл ы жылдық жүру мың км	Басым модель бойынша 1000 км шығынла р нормасы	оның ішінде шығын түрлері бойынша теңге						Жоспарл ы жүруге шығында рдың барлығы
			Еңбекақы		Қосалқы бөлшектер		Материалдар		
			1000 км жүру	Жоспарл ыжүру	1000 км жүру	жоспарл ы жүру	1000 км жүру	жоспарл ы жүру	
Республикалық бюджет есебінен ұсталатын көлік құралдары бойынша									
Жеңіл автомоби льдер									
